

« Алтыншаш-ана » бөбекжай-балабақшасының №1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: « Жаңа оқу жылына дайындығы»

Мақсаты: Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту жаңа оқу жылына қойылған мақсат міндеттерді айқындап бекіту.

29.08.2025 ж

Қатысушылар : 11

Қатыспағандар

Күн тәртібі

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау
2. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік хаттың мазмұнын талқылау
3. Балабақша жұмысының жылдық жоспарын бекіту, топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарын, оқу жоспарын, күн тіртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту.
4. Топтар мен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша балабақша әдіскері Болысбаева М таныстырды. Әдіскер жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту туралы ұсыныс тастады.

Балабақша меңгерушісі Г.М Тилеубаева ұсынды, хатшылыққа арамыздан бір педагогті сайлауға кімді ұсынатындықтарын сұрады.

Сөз алушы: Таш Гүлбағила тәрбиеші Бокебаева Гаухар ұсынды. Өте тәжірибелі маман жұмысына ұқыпты, берілген тапсырманы уақтылы орындайтынын айтып өтті, бұл ұсынысқа бір ауыздап мақұлдап келсіміздерін барлық педагог білдірді.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші Г.М.Тилеубаева сөз алып, биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты барлығыңыз оқып танысқан боларсыздар, ал біздің жұмысымызды жүйелі үйлестіру үшін әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген өзгерістерді өз тәжірибемізге енгізуіміз керек, биылғы нұсқау хатта көрсетілгендей ертеңгіліктердің форматын өзгертіп, байқау, көрме, т.б формада өткізу керектігін айтып өтті, сонымен қатар

экологиялық тәрбиеге баса назар аудару, баланы жастайынан табиғатты қорғау, лақтамау керетігін бала бойына сіңіріуіміз керектігін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балбабақша жылдық жоспары мен ,топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарын,оқу жоспарын ,күн тәртібін ,ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекітілді.

Топтардың жас ерекшеліктері анықталып ,топ құрылды және оған жауапты тәрбиешілер бекітілді.

Жиналыс шешімі:

1. Педгогикалық кеңес құрамын қайта бекітіліп,хатшы сайланды.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік хаттың мазмұны талқыланды
3. Балабақша жұмысының жылдық жоспарын бекіту,топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспары,оқу жоспары ,күн тәртібін ,ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілді.

Жиналыс төрайымы :  Т.М Тилеубаева

Хатшы :  Г.Бокебаева



«Алтыншаш-ана» бөбекжай балабақшасы

№2 педагогикалық кеңес

Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру

Өткізу күні: 2025 жылғы 28 қараша

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру құралдарын талдау

Ұзақтығы: 45 минут

Қатысушылар: 11

1. КҮН ТӘРТІБІ

№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

2. «Балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын қалай тәрбиелеу керек» тәжірибе алмасу.

3. «Балабақшадағы экологиялық тәрбие, табиғаттағы қауіпсіз орта» баяндама

Тыдалды: Кеңес төрайымы Г.Тилеубаева сөз алып күн тәртібімен таныстырып бүгінгі педагогикалық кеңестің мақсатымен таныстырып №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Бүгінгі педагогикалық кеңесіміз экологиялық тәрбие туралы болмақ. Жалпы балабақшада біз экологиялық тәрбиені, балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын қалай тәрбиелеу керек деген тақырыпта тәжірибемізді ортаға салып, әріптестер өз ара әдіс алмасамыз. Деген сөзін аяқтады. Топ тәрбиешілері екі командаға бөлініп, өз тәжірибелерін ортаға салды. «Балабақшадағы экологиялық тәрбие және табиғаттағы қауіпсіз орта» тақырыбында балабақша тәрбиешісі Пердебаева Нургул баяндама жасады. Баяндамада балаладың табиғатты сүйуге оған қамқорлық жасауға арналған ғылыми дәлелдемелермен қатар өз тәжірибесімен бөлісті.

Пікір : Ботаева Әлия баяндамада экологиялық тәрбиенің маңызы туралы толық қамтылған, әріптесіміз өз тәжірибесімен бөлісті.

Пікір : Құлжабай Эльмира баяндамашыға сұрақ қойып, өз тобыңызда балаларға экологиялық тәрбие туралы қандай нақты зертеу жүргізгені туралы сұрады.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе төмендегі шешімдер қабылданды.

№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы

ШЕШІМ:

№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы күнделікті жоспар бойынша жүзеге асырылып жатыр деп есептелсін.

2. Балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын қалай тәрбиелеу керек» тәжірибе алмасу **туралы**

ШЕШІМ: Балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын қалай тәрбиелеу керек» тәжірибе алмасу қанағаттанарлық деп есептелсін.

3. « Балабақшадағы экологиялық тәрбие, табиғаттағы қауіпсіз орта» баяндама туралы

4. **ШЕШІМ:** « Балабақшадағы экологиялық тәрбие, табиғаттағы қауіпсіз орта» жоғары бағалансын.

Жиналыс төрағасы  М.М. Тилеубаева

Хатшысы:  Бурбаева Д

